

XIX ҒАСЫРДАҒЫ АЙТЫСКЕР АҚЫН ҚЫЗДАР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ МӘСЕЛЕСІ

Нұрхан Гүлбаршын Маратқызы

gul_maratkyzy@mail.ru

Нұр-Сұлтан қаласындағы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 4-курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Ғылыми жетекшісі – Сағынадин Г.С.

XX ғасырдың басында көрнек өнерді 5-ке бөліп, соның ішінде әдебиеттің функциясының жоғары екендігін айтқан Ахмет Байтұрсынов сөз өнерін «өнердің алды» деп бағалайды. «Сөз өнерінде жұмсалатын зат – сөз» болғандықтан, ғалым шығарма тілін ақын тілі мен әншейін тіл деп екіге бөледі. Әдебиеттанушы, ғалым әншейін тілге қарағанда ақын тілінде ерекше өң болатындығын айтқан [1, 6]. Адамзаттың сол сөз өнерін жұмсап, сөз қиыстырып, сөзге айрықша көрік пен өң беріп ашқан ең ұлы жаңалығы – айтыс, ақындық өнер.

Айтыс – табан астында сурып салып айтатын ауызша поэзия, сөз өнері. Зерттеуші, ғалым М.Әуезов «айтыс» сөзі айтысу, арбасу, тартысу, дауласу, жарысу сияқты кең ауқымды білдіретіндігін айтқан [2, 10]. Айтыста сөз қиыстырған өнер иесі қарсыласымен тартысқа түсіп, сөзбен дауласып, арбасып, жарысқа түскен.

XVIII-XIX ғасырларда айтыстың барлық түрі дамыды. Айтыскер ақындардың біліктілігі артып, өлеңнің маңыздылығы жағынан жоғары деңгейде дами бастады. XIX ғасырға дейін де айтыс өнерінің болғанын еске алсақ, айтыс өнерінің туындылары көп болғанымен бүгінгі күнге жеткені некен-саяқ. Ал XIX ғасырдағы айтыс үлгілерінің басым көпшілігі жазылып алынып, хатқа түсіп, біздің заманымызға жетті. Сондықтан сол мұралар қазақ фольклоры мен қазақ әдебиетінің қазынасын молайтты [2, 106].

XIX ғасырдың алып та алпауыт айтыскер ақындар Жанак, Сүйінбай, Шөже, Түбек, Кемпірбай, Күдері, Мансұр, Жангел, Боздақ, Әсет, т.б. айтыскер ақын жігіттер жайлы түрлі деректер мен зерттеулер көп. Тіпті олардың айтыс өлеңдері де бүгінгі күнге жеткен. Ал ақын қыздар жайында деректер некен-саяқ. XIX ғасырда жігіттермен тең дәрежеде айтысқан, айтыс өнерінің көрнекті өкілдері Ұлбике, Сара, Ырысжан, Ақсұлу, Ақбала, Манат жайындағы зерттеулерге тоқталатынымызды айта кетейік.

Жалпы қазақ ғалымдары арасында сол замандағы айтысты зерттеу негізінен XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басынан бастау алады. Басқа елдің зерттеушілері жинақтап, жариялауды XIX ғасырдың соңынан басталады. Бұл саланы зерттеген В.Радлов, А.Диваев, Мәшһүр-Жүсіп Көпеев, Е.Ысмайылов, М. Ғабдуллин, М.Әуезов, Е.Тұрсынов, Қ.Асанов сияқты зерттеушілердің еңбектерінде айтыскер ақын қыздар туралы мәліметтер мен деректер және айтыс өлеңдерінің жазба нұсқалары жинақталып берілген. Осы дәуірдегі ақын қыздар шығармашылығын зерттеушілерді екі топқа жіктеп қарастыруға болады:

1) Жеке ақындар мен олардың шығармашылығын зерттеушілер;

2) XIX ғасырдағы жалпы айтысты зерттеп қалам тартқан ғалымдар.

Алғашқы топқа В.Радлов, М.Көпеев, Қалилаханов Тәңірберген, С.Қайнарбаев, І.Омаров, Т.Қанағатов, Ж.Дәдебаев, С.Дәуітұлы, Ә.Байниязов, А.Шаяхметов, Ә.Ақылбекұлы.

Келесі топқа, яғни XIX ғасырдағы жалпы айтысқа сипаттама беріп зерттеген ақындар легі: А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедов, С.Сейфуллин, М.Әуезов, С.Мұқанов, М.Ғабдуллин, Х.Сүйінішқалиев, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов, С.Бегалин, З.Ахметов, З.Қабдолов, С.Қасқабасов, Ә.Қоңыратбаев, М.Жармұхамедұлы, Қ.Асанов.

Қазақ жерін аралап айтыс туралы көлемді мәлімет беріп, зерттеу жүргізген В.В.Радлов, Г.Н.Потанин, А.В.Васильев, Н.Рычков, А.Янушкевич, П.Н.Распопов орыс оқымыстылары болды.

Ғалым М.Жармұхамедұлының ғылыми сөзіне сүйенсек, қазақ даласынан шыққан ғалым, зерттеуші Ш.Уәлиханов та өзінің мақалалары мен жазбаларында айтыс пен суырыпсалмалық өнер жайында тұщымды пікірлер айтқан. Айтыстың қоғамдық-әлеуметтік маңызын бағалап, алғаш рет ғылыми тұжырым жасап, ой-пікірін білдірген ғалым – Ш.Уәлиханов[3, 23].

XIX ғасырдың соңында газеттің пайда болуына байланысты көптеген орыс ғалымдары мен қазақ ғалымдары айтыс жайында мақалалар жазды. Т.Сейдалин, С.Жантөрин, М.Иванов секілді зерттеушілердің мақалалары «Түркістан уалаяты», «Дала уалаяты», «Қазақ», «Айқын» секілді басылым беттерінде жарияланды.

XIX ғасырдағы айтыс пен ақындық өнер көптеген ғалымдардың еңбегінде берілді. Мәселен, бұл кезең ақындары мен жалпы айтыстың сипатына баға беріп талдаған ғалымдар М.Әуезов, С.Мұқанов, М.Ғабдуллин, Ә.Қоңыратбаев, Х.Сүйіншәлиев. В.Радлов пен Ә.Диваевтың еңбектерінде, Мәшһүр-Жүсіп жазбаларында осы тақырыптағы тың ақпараттар беріледі. 1965 жылы шыққан «Айтыс» кітабы мен «Бір қыз бен он алты ақын» жинақтарында айтыскер ақын қыздар мен жігіттер жайында ақпараттар мен олардың айтыстары енген. Қ.Асановтың «Айтыс өнерінің публицистикалық сипаты» еңбегінде XIX ғасырдағы жалпы айтыс туралы мәліметтер жайында айтылады. Айтыстың шығу, қайым айтыстың дамуы, XIX ғасырда өмір сүрген ақындар ерекшелігі талданып беріледі.

Филолог Т.Әлібектің айтуынша, қазақ айтысының ғылымда зерттеле бастаған уақыты – XIX ғасырдың екінші жартысы. Ал айтыс өнерінің суырыпсалмалық қасиеттің жемісі екендігін дәлелдейтін зерттеулер, ғылымда импровизацияның зерттелуі де XIX ғасырдың екінші жартысында басталды. Әсіресе, Ресей, Еуропа ғалымдарына осы зерттеулер жетіп, оларды бұл өнер таң қалдырған. Жұмбақ айтысында суырыпсалмалық ерекше көрінеді. Онда тапқырлық, ұтқырлық сынды қасиеттермен бірге қойылған жұмбаққа жауап беру үшін табан астында, дер кезінде жауап беру керек [4, 163].

Айтыскер ақын қыздар туралы оқулықтарға түбегейлі еніп, терең зерттеліп, олар жайында жеке кітаптар көптеп басылып шықпаса да, кейбір ғалымдардың еңбектерінен мәліметтер таба аламыз.

М.Әуезов «Айтыс өлеңдері» мақаласында Біржан мен Сара айтысына талдау жүргізіп, ғылыми пікірлерін келтірген. Сондай-ақ айтысты топтастырып, әдет-салт айтысы мен ақындар айтысының ерекшеліктерін талдай отырып мәлімет береді. XIX ғасырда өмір сүрген өзге де ақындардың өлеңдерін саралап әлеуметтік жағдайды анықтайды. Фольклортанушы, ғалым М.Ғабдуллиннің «Қазақ халқының ауыз әдебиеті» еңбегінде Сараның Біржанмен айтысы жөніндегі мәліметтер мен Сара жайлы аз-кем ақпарат береді. Сара Тастанбекқызы жайлы 1950 жылдардан бастап біршама уақыт зерттеген – Қалилаханов Тәңірберген. Ақын шығармашыларын жинап, ел аузынан құнды деректер тыңдап, 1980 жылы «Тордағы тоты» деп аталатын жинақ шығарды. Ол 1958 жылы Жұлдыз журналының №5 санында Сара жайлы мақала жазып, өзі іздеп тапқан мол деректермен бөлісті. 1959 жылы Ілияс Омаров «Ақын Сараның әдебиеттегі үлесі» деген мақала жазды. Онда Тәңірберген Қалилахановтың жинағына пікірін де білдіріп өтеді. Ш.Ахметов пен Т.Қанағатов «Біржан-Сара айтысының тестологиясы» атты мақаласы, С.Қайнарбаевтың «Сара Тастанбекқызының өмірбаяны мен творчествосы» т.б көптеген еңбектер мен зерттеулер, мақалалар жазылды. Сара жайлы құнды деректер мен мәліметтер С.Мұқановтың, Х.Сүйіншәлиевтің еңбектерінде берілген. Х.Сүйіншәлиевтің «Қазақ әдебиетінің тарихы» еңбегінде Сараның ақындық өнеріне ерекше баға беріледі. Біржанмен айтысынан бөлек поэзияға қосқан өлеңдері талданған. Ақын өміріне байланысты берілген мәліметтерді сараптап, талдап, ғылыми пікір береді. Сара Тастанбекқызының өмірі мен шығармашылығын біршама уақыт зерттеген Өтепберген...

Ақбала мен Боздақ айтысы қай жылы және қай жерде болғаны белгісіз. Десе де бұл айтыстың басқаларға қарағанда ерте шыққанын айтқан ғалымдардың пікіріне сүйенеміз. Ақбала мен Боздақ айтысын алғаш рет жинап бастырған – Радлов. Мәскеуде «Темірқазық» журналының №2,3 сандарында жариялаған. Ал одан кейін Мәшһүр-Жүсіп жазбаларында кездеседі. 1964 жылы шыққан «Айтыс» кітабының 1-томында басылады. Бірақ бұл нұсқасы 18 шумақтан тұрады. Мәшһүр мен Радлов нұсқаларынан әлдеқайда айрмашылықтар кездесіп, 6 шумағы берілмеген. Қазіргі таңда Ақбала мен Боздақтың айтысы қолжазба түрінде ҚР ұлттық ғылыми академиясы М.Әуезов атындағы институттың ұлттық қорында сақтаулы тұр. Одан өзге бұл айтыс жайында М.Ғабдуллиннің «Қазақ халқының ауыз әдебиетінде» берілген. Ғалым өзіндік пікір айтып, өлі мен тір айтысына жатқызған.

Ұлбике Жангелдіқызы жайындағы деректер мен Ұлбикенің Күдері қожамен айтысының жазба нұсқасы Радловтың «Алтын сандық» еңбегінде берілген. Ең алғаш айтысты орыс, неміс тілдерін аударып жариялаған да –зерттеуші Радлов. Ол 1870 жылы Петербургте кітапқа бастырған. Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің шығармалар томдығының 6-томында Ұлбикенің Күдері қожамен және Жангелмен айтысқан өлеңдері, Ұлбике ақынның өмірбаяны жайында құнды ақпараттар да беріледі. Айтыстың қай жерде өткенінен мәліметтер бере отырып әр айтыстың соңына өзінің талдаулары мен тың ақпараттарын қатар беріп отырады.

1965 жылы шыққан «Айтыс» кітабында Ұлбикенің Жангел, Күдері Қожамен айтыстары жинақталып басылған. Кітаптың түсіндірме бөлігінде айтыс туралы мәліметтер беріледі.

Ұлбике жайында Жаңғара Дәдебаев, С.Дәуітұлы сияқты ғалымдар мақала жазған. Бұл мақалаларда Ұлбике шығармашылығы мен өлеңдері берілген. Сондай-ақ ақынның өнеріне ерекше баға беріліп, өмірі жайында құнды мәліметтер ала аламыз.

Әсетпен айтысқан Ырысжан ақын туралы деректер де көп емес. Алайда бізге Ырысжан туралы мәліметтер А.Қыраубаева құрастырған «Бір қыз бен он алты ақын» еңбегінде, 1965 жылы шыққан «Айтыс» кітабында, М.Әуезов, С.Мұқанов, С.Ордалиев, М.Жармұхамедов сияқты ғалымдардың зерттеу еңбектерінде кездеседі.

Ақсұлу Орысбайқызы туралы деректер С.Мұқановтың «Айтыс туралы» мақаласында Ақсұлу деген ақын қыздың болғандығын айтып, оның Кеншімбаймен айтысын жоғары бағалап, пікір білдіреді. А.Байтұрсынов «Әдебиет танытқыш» еңбегінің «Көріктеу» бөлімінде мысал ретінде Ақсұлу мен Кеншімбай айтысынан үзінді келтіреді. Әбубәкір Диваев еңбектерінде осы айтыстың нұсқасын береді. Соңғы нұсқасын ел аузынан жинап, бастырған – Мардан Байділдаев. Ақсұлу туралы мәлімет М.Әуезовтің айтысқа талдау жасап, баған берген мақаласы «Айтыс өлеңдерінде» берілген. Ақсұлу жайлы кейінгі жылдары Әмірбек Байниязов пен Ақылбек Шаяхмет мақалалар жазған. Ақылбек Шаяхметовтың мақаласында ақын қыздың өмір жолынан тың ақпараттар беріліп, шығармашылығы талданады.

Манат ақын жайлы мәліметтер 1965 жылы «Айтыс» кітабының бірінші томы мен «Бір қыз бен он алты ақын» еңбектерінде кездеседі. Онда ақынның Молда Мұсамен айтыс өлеңі берілген. Ақындардың шығармашылығы мен өмірбаяндары жайында деректер жазылған.

Айтыстағы өлеңдердің мағынасы мен айтар ойы, шумақтары қаймағы бұзылмай, қаз қалпында сақталып қалуына сол кездегі жаттап алған адамдардың үлесі орасан. XIX ғасырда әр қазақтың жаттау қабілеті жоғары болған. Естіген сөзді сол мезетте жаттап, оны келер ұрпаққа жеткізе білді. Жазу дамыдаған кезде халықтың осындай ерекше қасиеті ұлттық өнеріміздің сақталуы мен бізге жетуіне көп септігін тигізе білді.

XIX ғасырдағы тамаша туындылар мен айтыскер туралы мәліметтер бүгінгі күнге зерттеушілер арқылы жетті. Ғылыми жүйеге түсіп, айтыс өнеріндегі ақын қыздар жайлы мәліметтер оқулықтар мен еңбектерге, жинақтарға енді. Бұл ұлттық өнерімізді ұлықтап, оның дамуына қосқан үлесі деп білеміз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Алматы.:Ата мұра, 2003. –208 б
2. Әуезов, М. Әдебиет туралы. О литературе. Оқу құралы. –Алматы.: Санат, 1997. –304б.
3. Жармұхамедұлы М. Айтыс өлеңдерінің арғы тегі мен дамуы. – Алматы.:Мұраттас, 2001.
4. Айтыстану: Ғылыми жинақ. –Астана.: Жалғас Print», 2013. –420 б.